Бостандық ауылдық округі жергілікті қоғамдық жиналысының

ХАТТАМАСЫ

ХАТТАМА **ПРОТОКОЛ**

08.05.2025 жыл **№7**

Бостандық ауылы **Село Бостандык**

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Бостандық ауылы аумағында жергілікті деңгейде телехабарлар тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге байланысты қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөніндегі комиссияның отырысы

Төрағалық : Жергілікті қоғамдастық төрағасы Е.Сакауов
Хатшы: Н.Успанова
Қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық мүшелері Д.Даулетияров, Ш.Губашев, И.Кадеров, Е.Әліпқалиев, А.Хайруллин, А.Нугманов, Б.Жылқыбаев.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Бостандық ауылы аумағында жергілікті деңгейде телехабарлар тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге байланысты қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөнінде

ТЫҢДАЛДЫ:

Е.Сакауов – Бостандық ауылдық округінің әкімі – Бостандық ауылдық округінің әкімі – күні бүгінге Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Бостандық ауылы аумағында жергілікті деңгейде телехабарлар тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге байланысты қызметтерді, жалпы жұмыстарды сапалы әрі ұқыпты орынындайтын мердігерлер қазіргі таңда тапшы екенін туралы, осы ретте Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу заңының» 16 бап 3-тармақ 28-тармақшасына сай аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізуге болатындығы жөнінде айта отырып "Қазақстан" Республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы

жалпы сомасы 210 мың теңге ққс қосқанда болатын келісім шартты жасау үшін жиналысқа қатысушылардан өз пікірлерін ортаға салуды сұрады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Д.Даулетияров - қоғамдық келісім кеңесі төрағасы, "Қазақстан" Республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұсынар едім. Себебі ол мекеме аудандық көлемде сенімді, әрі жұмыстарын сапалы, уақытылы атқаратын мекеме ретінде танылған, және де, материалдық базасы жақсы деңгейде жасақталған мекеме болып табылады.

Ш.Губашев - қоғамдық келісім кеңесі мүшесі, ауыл тұрғыны – Мен де **Д.Даулетияровтың** сөзің қолдаймын, өйткені жұмыстарын сапалы атқарғанын есепке ала отырып, «Мемлекеттік сатып алу» Заңында басшылыққа ала отырып жұмыстардың сомасы 4000 айлық есептік көрсеткіштен аспайтынын ескере отырып «Бір көзден сатып алу тәсілімен» мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөн деп ойлаймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Жиналысқа қатысушылардың бәрі осы ұсынысты бірауыздан қолдап, Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Бостандық ауылы аумағында жергілікті деңгейде телехабарлар тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге байланысты қызметтерді бойынша бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөнінде және мердігер "Қазақстан" Республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы мемлекеттік сатып алуларды «Бір көзден сатып алу» тәсілімен өткізуді ұсынды.

Қоғамдық келісім кеңесі төрағасы **Е.Сакауов**

Қоғамдық келісім кеңесі хатшысы **Н.Успанова**